

## Анықтама

Ақтөбе қаласының « Хиуаз Доспанова атындағы № 14 орта мектеп» КММ  
2017 - 2021 оқу жылындағы жұмысына өзін – өзі бағалау қорытынды есебі.  
2022 жылғы ақпан

### «Хиуаз Доспанова атындағы №14 орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі туралы жалпы мәлімет

Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігі Ақтөбе облысының Әділет департаменті  
Занды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама БСН 970540000950 30.04.2021 ж  
Орналасқан жері: 030000, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Алматы ауданы, Шәкен Айманов көшесі, 8 үй.

Тағайындалған басшы Алиева Баян Сапарғалиевна

Білім беру қызметі айналысуға Лицензия № KZ81LAA00010577 25.12.2017 жыл

"Ақтөбе қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "№14 орта мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі, лицензиар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті Ақтөбе облысының Білім саласындағы бақылау департаменті.

Мектеп Жарғысы Ақтөбе облысы әкімдігінің 2021 жыл 29 наурыз күні № 93 бұйрығымен бекітілген.

Медициналық қызметпен айналысуға мемлекеттік лицензия АК № 10450DD 30.11.2011 ж "Ақтөбе облысының Денсаулық сақтау басқармасы" ММ -мен берілді.

Телефон 8(7132) 73-01-87

Мектептің электронды почтасы: [ucheba14@mail.ru](mailto:ucheba14@mail.ru)

Мектеп сайты: <http://mektep14-aktobe.rka.kz>

Инстаграмм: 14.mektep

«Хиуаз Доспанова атындағы № 14 орта мектеп» КММ-сі 1936 жылы құрылған, 1939 жылы пайдалануға берілген екі қабатты типті кірпішті ғимарат. Жалпы алаңы - 3318,6 кв.м. Мектеп ғимараты абаттандырылған спорт және спорттық аймағы белгіленген жер учаскесінде (1,0078 га) орналасқан. Мектептің кіріп шығатын аумағына төсеніштер төселген. Ғимараттың сыртқы периметрі электр жарығымен қамтамасыз етілген. Мектеп ғимаратының сыртында және ішінде оқу тәрбие процессінің сапалы жүргізілуін қадағалау және барлық оқу субъектілерінің өмір қауіпсіздігін сақтау мақсатында бейнебақылау камералары орнатылған. Құрылыс коммуналдық желілеріне (суық, ыстық су, кәріз, жылу) қосылған. Мектепте оқушылар мен қызметкерлер қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін дұрыс автоматты өрт дабылды жұмысы орнатылған. Мектептің материалдық - техникалық базасы мен мектеп ғимаратының мазмұны, әдетте санитарлық нормалар мен өрт қауіпсіздігіне сәйкес келеді. Мектеп 320 орынға есептелген.

Мектепте жалпы 34 оқу кабинеті бар.

Оның ішінде жабдықталған 2 кабинет: биология, химия.

Құжатталған кабинеттер – 12

№ 7 өзін – өзі тану кабинеті, № 8 химия кабинеті, № 9 тарих кабинеті, № 10 математика кабинеті, № 11 МЛК, № 12 орыс тілі мен әдебиеті кабинеті, №32 информатика кабинеті, № 35 биология кабинеті, №37 информатика кабинеті, №38 қазақ тілі мен әдебиеті кабинеті, № 43 АӘД кабинеті, № 52 бастауыш класс кабинет.

Спортзал – 2

Мектеп асханасы 80 орындық.

Мәжіліс залы – 80 орындық.

Сабақтар 2 ауысыммен жүргізіледі. Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруының негізгі формасы кластық - сабақтық жүйе болып табылады. 0, 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11 кластарында бескүндік оқу аптасы енгізілген.

### 1 бөлім

#### **2017 - 2021 оқу жылдарындағы мектеп жұмысының режимі.**

Санитарлық-эпидемиологиялық ережелеріне сәйкес аптасына мектеп алды даярлық тобына, 1-11 кластарға бес күндік сабақ белгіленді. Оқу үрдісі екі ауысымда ұйымдастырылды. Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруының негізгі формасы кластық - сабақтық жүйе болып

табылады. Оқу үрдісі екі ауысымда ұйымдастырылды. Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруының негізгі формасы кластық - сабақтық жүйе болып табылады.

Оқу жылының ұзақтығы :

1 класс – 33 оқу аптасы;

2-11 кластар – 34 оқу аптасы;

Сабақтың ұзақтығы:

Мектеп алды даярлық тобы – 25 мин

1 класс – бірінші жарты жылдық 35 минут, екінші жарты жылдық 40 минут.

2 - 11 кластар – 40 минут.

Кластардың апталық жүктемесі:

1 класс – 24 сағат, 2 класс - 25 сағат, 3 класс - 29 сағат, 4 класс - 29 сағат, 5 класс - 32 сағат, 6 класс - 33 сағат, 7 класс - 34 сағат, 8 класс - 36 сағат, 9 класс - 38 сағат, 10 класс – 39 сағат, 11 класс - 39 сағат.

Еліміздегі төтенше жағдайына байланысты 2020-2021 оқу жылында 15 қыркүйектен бастап офлайн режимінде тек қана 1 сыныптар көшті. 2 желтоқсаннан бастап 2 сыныптар, 3 тоқсаннан бастап 3,4 және 9,11,5 сыныптар, 11 мамырдан бастап мектептің барлық кластары оқуын бастады.

Жыл басында оқу жұмыс жоспары «Ақтөбе қалалық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысымен бекітіледі. Жаңа оқу жылында оқу жұмыс жоспары Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарлары (2018 жылғы 4 қыркүйектегі № 441 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген, 15.05.2019 №205 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары («Өзін-өзі тану» пәні бойынша 2016 жылғы 8 сәуірдегі № 266 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

Оқушыларға арналған вариативтік бөлігінен элективті курстар, факультативтер, жеке және топтық жұмыстар жұмыстары ұйымдастырылды.

2020-2021 оқу жылында «Хиуаз Доспанова атындағы №14 орта мектеп» КММ-нде 2-11 кластарға арналған бұрын бекітілген элективті курстар жалғасын тапты. Қалалық білім бөлімінің бұрынғы жылдарғы бұйрығымен бекітілді. Курстар оқушылардың 100% қамтиды.

2020-2021 оқу жылына арналған факультативті сабақтардың бағыттары

бағыттары	Ұйымдастырылған факультативтер (барлығы)			
	2017-2018	2018-2019	2019-2020	2020-2021
Ғылыми-жаратылыстану	9	11	4	3
Математикалық	5	3	4	3
Гуманитарлық	13	10	11	5

Гуманитарлық бағыттағы факультативтер жүйесі оқушылардың психикалық қызметін белсендіруге, жеке шығармашылық қабілеттерін дамытуға және өзіндік жұмыс қызығушылығын арттыруға жағдай туғызады. Жаңа оқу жылында кәсіптік бағдар беруде факультативтік сабақтарды ұйымдастыруы жалғасын тапсын.

## 2 бөлім

**2017-2018** оқу жылының басында мектепте 1024 оқушы оқытылды, оның ішінде 470 қыз, жылды 1015 оқушы, оның ішінде 471 қыз бала аяқтады. 2018-2019 оқу жылының басында мектепте 1115 оқушы оқытылды, оның ішінде 531 қыз, жылды 1115 оқушы, оның ішінде 525 қыз бала аяқтады.

2019-2020 оқу жылының басында мектепте 1193 оқушы оқытылды, оның ішінде 574 қыз, жылды 1211 оқушы, оның ішінде 578 қыз бала аяқтады.

2020-2021 оқу жылының басында мектепте 1293 оқушы оқытылды, оның ішінде 629 қыз, жылды 1282 оқушы, оның ішінде 620 қыз бала аяқтады.

Оқушы саны төрт жылдың есебінде жыл сайын көбейеді. Балалардың жас құрамы 5-18 аралығын құрайды.

2017-2018 оқу жылында ВКК қорытындысының келісімімен және мектеп бұйрығымен төмендегідей оқушылар үйден оқытылды. Олар: Сорокин Евгений -3 класс, бала кезінен мүгідек.

Барлық құжаттар мемлекеттік стандарт қызметінің келісімімен «ұзақ уақыт бойы денсаулық себептер бойынша бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына қатыса алмай балаларды үйде тегін жеке оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттарды ұсыну» сәйкес барлық құжаттар жүйеленді. Журналдар толтырылып, негізгі пәндерді бағалау толтырылды. Сабақтар инклюзивті біліммен қамтылған: Қыдырғали Сабина 1 класс оқушысы. Қазақ тілінде оқыды. Психикалық дамуы тежелген немесе жеке жанасуымен кешенді бағдарламамен балаларға арналған бағдарлама. Махуат Абдуррахман-2 класс оқушысы. Орыс тілінде оқыды. Психикалық дамуы тежелген немесе жеке жанасуымен кешенді бағдарламамен балаларға арналған бағдарлама Кисеев Даниил - 2006 жылғы, 4 класс оқушысы. Орыс тілінде оқыды. Психикалық дамуы тежелген немесе жеке жанасуымен кешенді бағдарламамен балаларға арналған бағдарлама. Кротенко Алина -3 класс оқушысы, психикалық дамуы тежелген немесе жеке жанасуымен кешенді бағдарламамен балаларға арналған бағдарлама, орыс тілінде оқыды. Зядинова Назерке -6 кластың оқушысы- психикалық дамуы тежелген немесе жеке жанасуымен кешенді бағдарламамен балаларға арналған бағдарлама. Қазақ тілінде оқыды. Мұғалімдердің инклюзивті білім беретін әр кластың оқушыларына арналған жеке жұмыс жоспарлары бар. Инклюзивті білім алатын оқушылар тек қана біліммен ғана қамтылып қоймай, сонымен қатар әр түрлі іс шараларға белсене араласады. Барлық ОВР оқушылар материалдық көмек алады және ыстық тамақпен қамтылады. Осы оқушылардың класында сенімділік қарымқатынасы орналасқан. Төртінші тоқсанда Сарсенбаев Аслан 2 сыныпқа келді. Қазақ тілінде оқыды. Психикалық дамуы тежелген немесе жеке жанасуымен кешенді бағдарламамен балаларға арналған бағдарлама.

2018-2019 оқу жылында ВКК қорытындысының келісімімен және мектеп бұйрығымен төмендегідей оқушылар үйден оқытылды. Олар: Сорокин Евгений -4 класс, бала кезінен мүгідек. 2 тоқсаннан бастап Бекмагамбетова Арнай- 5 класс оқушысы қосылды, бала кезінен мүгідек. 3 тоқсаннан бастап Шунуков Алишер-7 класс оқушысы қосылды, бала кезінен мүгідек. Диагнозы F-70.

Барлық құжаттар мемлекеттік стандарт қызметінің келісімімен «ұзақ уақыт бойы денсаулық себептер бойынша бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына қатыса алмай балаларды үйде тегін жеке оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттарды ұсыну» сәйкес барлық құжаттар жүйеленді. Журналдар толтырылып, негізгі пәндерді бағалау толтырылды. Сабақтар инклюзивті біліммен қамтылған: Сембина Амина 1 класс оқушысы. Орыс тілінде оқыды. Психикалық дамуы тежелген немесе жеке жанасуымен кешенді бағдарламамен балаларға арналған бағдарлама. Қыдырғали Сабина 2 класс оқушысы. Қазақ тілінде оқыды. Психикалық дамуы тежелген немесе жеке жанасуымен кешенді бағдарламамен балаларға арналған бағдарлама. Махуат Абдуррахман-3 класс оқушысы. Орыс тілінде оқыды. Психикалық дамуы тежелген немесе жеке жанасуымен кешенді бағдарламамен балаларға арналған бағдарлама. Сарсенбаев Аслан -3 класс оқушысы. Қазақ тілінде оқыды. Психикалық дамуы тежелген немесе жеке жанасуымен кешенді бағдарламамен балаларға арналған бағдарлама. Умбетова Айлана-4 класс оқушысы. Қазақ тілінде оқыды. Психикалық дамуы тежелген немесе жеке жанасуымен кешенді бағдарламамен балаларға арналған бағдарлама. Кисеев Даниил - 2006 жылғы, 5 класс оқушысы. Орыс тілінде оқыды. Психикалық дамуы тежелген немесе жеке жанасуымен кешенді бағдарламамен балаларға арналған бағдарлама. Кликаускас Алина -5 класс оқушысы, психикалық дамуы тежелген немесе жеке жанасуымен кешенді бағдарламамен балаларға арналған бағдарлама, орыс тілінде оқыды. Зядинова Назерке -7 кластың оқушысы- психикалық дамуы тежелген немесе жеке жанасуымен кешенді бағдарламамен балаларға арналған бағдарлама. Қазақ тілінде оқыды. Мұғалімдердің инклюзивті білім беретін әр кластың оқушыларына арналған жеке жұмыс жоспарлары бар. Инклюзивті білім алатын оқушылар тек қана біліммен ғана қамтылып қоймай, сонымен қатар әр түрлі іс шараларға белсене араласады. Барлық ОВР оқушылар материалдық көмек алады және ыстық тамақпен қамтылады. Осы оқушылардың класында сенімділік қарымқатынасы орналасқан.

2019-2020 оқу жылында ВКК қорытындысының келісімімен және мектеп бұйрығымен төмендегідей оқушылар үйден оқытылды. Олар: Ворожеева София-1 класс, бала кезінен

мүгедек, Сорокин Евгений -5 класс, бала кезінен мүгедек, Бекмагамбетова Арнай- 6 класс оқушысы, бала кезінен мүгедек. 2 тоқсаннан бастап Шунуков Алишер-8 класс оқушысы қосылды, бала кезінен мүгедек. Диагнозы F-70. Барлық құжаттар мемлекеттік стандарт қызметінің келісімімен «ұзақ уақыт бойы денсаулық себептер бойынша бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына қатыса алмай балаларды үйде тегін жеке оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттарды ұсыну» сәйкес барлық құжаттар жүйеленді. Журналдар толтырылып, негізгі пәндер бағаланды. Сабақтар инклюзивті біліммен қамтылған: Қыдырғали Сабина 3 класс оқушысы. Қазақ тілінде оқыды. Психикалық дамуы тежелген немесе жеке жанасуымен кешенді бағдарламамен балаларға арналған бағдарлама. Махуат Абдуррахман-4 класс оқушысы. Орыс тілінде оқыды. Психикалық дамуы тежелген немесе жеке жанасуымен кешенді бағдарламамен балаларға арналған бағдарлама. Кобзенко София - 4 класс оқушысы. Орыс тілінде оқыды. Психикалық дамуы тежелген немесе жеке жанасуымен кешенді бағдарламамен балаларға арналған бағдарлама. Умбетова Айлана-5 класс оқушысы. Орыс тілінде оқыды. Психикалық дамуы тежелген немесе жеке жанасуымен кешенді бағдарламамен балаларға арналған бағдарлама. Кликаускас Алина - 6 класс оқушысы, психикалық дамуы тежелген немесе жеке жанасуымен кешенді бағдарламамен балаларға арналған бағдарлама, орыс тілінде оқыды. Зядинова Назерке -8 кластың оқушысы- психикалық дамуы тежелген немесе жеке жанасуымен кешенді бағдарламамен балаларға арналған бағдарлама. Қазақ тілінде оқыды. Мұғалімдердің инклюзивті білім беретін әр кластың оқушыларына арналған жеке жұмыс жоспарлары бар. Инклюзивті білім алатын оқушылар тек қана біліммен ғана қамтылып қоймай, сонымен қатар әр түрлі іс шараларға белсене араласады. Барлық ОВР оқушылар материалдық көмек алады және ыстық тамақпен қамтылады. Осы оқушылардың класында сенімділік қарымқатынасы орналасқан.

2020-2021 оқу жылында ВКК қорытындысының келісімімен және мектеп бұйрығымен төмендегідей оқушылар үйден оқытылды. Олар: Ворожеева София-2 класс, бала кезінен мүгедек, Сорокин Евгений -6 класс, бала кезінен мүгедек, Бекмагамбетова Арнай- 7 класс оқушысы, бала кезінен мүгедек, 25 қыркүйектен бастап Шунуков Алишер-9 класс оқушысы қосылды, бала кезінен мүгедек. Диагнозы F-70. Барлық құжаттар мемлекеттік стандарт қызметінің келісімімен «ұзақ уақыт бойы денсаулық себептер бойынша бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына қатыса алмай балаларды үйде тегін жеке оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттарды ұсыну» сәйкес барлық құжаттар жүйеленді. Журналдар толтырылып, негізгі пәндер бағаланды. Сабақтар инклюзивті біліммен қамтылған: Қыдырғали Сабина 4 класс оқушысы. Қазақ тілінде оқыды. Психикалық дамуы тежелген немесе жеке жанасуымен кешенді бағдарламамен балаларға арналған бағдарлама. Махуат Абдуррахман-5 класс оқушысы. Орыс тілінде оқыды. Психикалық дамуы тежелген немесе жеке жанасуымен кешенді бағдарламамен балаларға арналған бағдарлама. Умбетова Айлана-6 класс оқушысы. Орыс тілінде оқыды. Психикалық дамуы тежелген немесе жеке жанасуымен кешенді бағдарламамен балаларға арналған бағдарлама. Кликаускас Алина - 7 класс оқушысы, психикалық дамуы тежелген немесе жеке жанасуымен кешенді бағдарламамен балаларға арналған бағдарлама, орыс тілінде оқыды. Зядинова Назерке -9 кластың оқушысы- психикалық дамуы тежелген немесе жеке жанасуымен кешенді бағдарламамен балаларға арналған бағдарлама. Қазақ тілінде оқыды. Мұғалімдердің инклюзивті білім беретін әр кластың оқушыларына арналған жеке жұмыс жоспарлары бар. Инклюзивті білім алатын оқушылар тек қана біліммен ғана қамтылып қоймай, сонымен қатар әр түрлі іс шараларға белсене араласады. Барлық ОВР оқушылар материалдық көмек алады. Осы оқушылардың класында сенімділік қарымқатынасы орналасқан.

### **Оқыту нәтижесі.**

Мектеп оқушылары 2017-2018 оқу жылын БДД сапасы 49,2%, 2018-2019 оқу жылын БДД сапасы 49% аяқтады, 2019-2020 оқу жылын БДД сапасы 52% аяқтады, + 3 % айырмашылығын көрсетеді, 2020-2021 оқу жылын БДД сапасы 52% аяқтады, айырмашылығы жоқ. Оқу сапасының тұрақтылығы және әр мұғалімнің мақсатқа бағытталған жұмысының нәтижесі мектеп көрсеткішінің дәлелі.

Бастауыш білім беру деңгейінің ең күрделі жауапты кезеңі – бірінші сыныпта оқу процесін ұйымдастыру. 1 сыныптарда оқыту мақсаты 6 - 7 жастағы бүлдіршіндерде буынмен оқу, тұтас сөздерді оқу, мәнерлі мазмұндау, жатқа айту қабілеттерін қалыптастыру, сауатты жазу қабілеттеріне дағдыландыру, байланысты сөйлеуін дамыту және т. б. болып табылады.

Сондықтан, бірінші сыныптықтардың танымдық қызметінің оң мотивациясын қалыптастыру ерекше маңызды болып саналады және оқу процесі қарапайымнан күрделігі, жеңілден қиынға өту қағидасы бойынша құрылуы тиіс.

Бірінші сыныптардың оқушыларына оқу жылының бірінші жарты жылдығында баға қойылмайды, ынталандырудың басқа әдістері мен тәсілдері қолданылады. 2020-2021 оқу жылынан бастап пандемияға байланысты 1 сынып оқушылары жылдың соңына дейін бағаланбайды. Бірінші сыныпта оқушыларға үй тапсырмасы берілмейді.

“Хиуаз Доспанова атындағы № 14 орта мектеп” КММ-сі бойынша жыл сайын оқушы саны өсіп отыр. Бастауыш кластарда барлығы 22 мұғалім жұмыс жасайды. Бастауышта сабақ беретін барлық мұғалімдер курстан өтті.

2017-2018, 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021 оқу жылдары бойынша № 14 орта мектепте білім сапасы төмендегі кестеге сай:

Оқу жылдары	Бала саны	ББД сапасы	Динамика
2017-2018 оқу жылы	482 оқушы	56 %	
2018-2019 оқу жылы	530 оқушы	58 %	+2
2019-2020 оқу жылы	598 оқушы	54 %	-4
2020-2021 оқу жылы	458 оқушы 2-4 клас	55,2 %	+1,2

### 5- 11 кластары

Мектеп бойынша ББД сапасын 4 жыл тұрғысында бөлек пән ретінде қарастыру

Пәндер	2017-2018	2018-2019	2019-2020	2020-2021	қосымшасы
Қазақ тілі	61	56	58,4	56	-2,8
Орыс кластарындағы қазақ тілі	46	50	56	54	-2
Орыс тілі	54	46	53,7	53	-0,7
Қазақ класындағы орыс тілі мен әд	55	52	54	50	-4
Қазақ әдебиеті	67	58	60,5	56	-3,5
Орыс әдебиеті	63	52	55,3	53	-2,3
Информатика	71	72	68,8	58,3	-10,5
Математика	60	49	53,1	56	+3,1
алгебра	44	46	49,6	48	-1,9
Дүние жүзі тарихы	63	62	64,9	59	-5,9
Қазақстан тарихы	62	60	65,3	60	-5,3
ЧиО	74	67	69,9	61,9	-8
Қазақстан географиясы	49	57	62,8	55,6	-7,2
Химия	46	43	60	52	-8
Биология	58	54	54,9	60,2	+5,3
Физика	45	49	52,4	60,2	+7,8
Шет тілі	57	55	57	51	-6

Информатика пәнінің сапасының -10,5 төмендеуі, қазақ тілі -2,8 орыс кластарындағы қазақ тілі -2, орыс тілі -0,7 қазақ класындағы орыс тілі мен әдебиеті -4, қазақ әдебиеті -3,5, орыс әдебиеті -2,3, математика +3,1, алгебра -1,9, дүние жүзі тарихы -5,9, Қазақстан тарихы -5,3, ЧОП -8, Қазақстан географиясы -7,2, химия -8, шет тілі -6.

**ҰБТ.** ҰБТ –ке оқушылардың қатысымы 2017-2018-91%, 2018-2019-91%, 2019-2020-88%, 2020-2021- 94 % құрады. Жалпы ҰБТ-ға қатысу көрсеткіші тұрақты .

Қазақстанның ЖОО-на түсу үшін шектік балл жыл сайын жиналады. Бұл жалпы 2017-2018 оқу жылы бойынша 87% құрайды, 2018-2019-87%, 2019-2020-85%, 2020-2021 -87%. Қорытындысын тұрақты деп санаймын.

ҰБТ форматы да өзгерді: биылғы оқу жылында түлектер ҰБТ-ны 4 рет тапсырды, екі рет Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарына ақылы негізде түсу мүмкіндігімен, мамыр-маусым айларында ҰБТ-ны екі рет тапсыру нәтижелерін мемлекеттік грантқа ұсыну мүмкіндігі нәтижесімен.

2019-2020 оқу жылының қорытындысы бойынша мектепті екі оқушы - Төреғалиев Тілекжан, Мұқан Гүлнұза «Алтын белгімен» аяқтады. Негізгі мектепті екі оқушы Газизов Исламбек, Турғалиева Аружан үздік аттестатпен аяқтады.

«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ-нің 06.05.2020 ж №1471 бұйрығы негізінде еліміздегі ТЖ байланысты қорытынды аттестация өзгерістерімен өткізілді. 2020-2021 оқу жылының



лердің саны		білімді					педагог - зерттеуші	санатты/ педагог - сарапшы	педагог - модератор	педагог	
		Барлығы	пәндері	барлығы	Пед.білімі жоқтары	Пед.білімі барлар					
2017-2018 оқу жылының басында											
82	70 (85,4 %)	12 (14,6%)	-	-	-	-	-	16 (20 %)	20 (24%)	22 (27%)	24 (29%)
2018 – 2019 оқу жылының басында											
77	66 (85,7%)	11 (14,3%)	-	-	-	-	-	17/ 8 (32,3 %)	12 / 2 (18,2 %)	19 / 3 (28,5 %)	16 (21 %)
2019 – 2020 оқу жылының басында											
80	68 (85 %)	12 (15 %)	-	-	-	-	-	11/15 (32,5%)	8/8 (20%)	13/9 (27,5%)	16 (20%)
2020 - 2021 оқу жылының басында											
83	72 (86,7%)	11 (13,3 %)	-	-	-	-	-	9/18 (32,5 %)	7 / 9 (19,3%)	9 / 14 (27,7%)	17 (20,5%)

### Кадрларды іріктеу және жұмысқа орналастыру

Оқу жылдары	келгені	кеткені	кету – келу себептері	Жас маман
2017 – 2018	4 (4,9%)	0	Зейнеткерлікке шығып, мекен жайының өзгеруіне байланысты. Оқушылардың санының көбеюіне байланысты топтарға бөлу: қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі, дене тәрбиесі.	0
2018 – 2019	10 (13%)	3 (3,8%)		2
2019 – 2020	9 (11%)	6(7,5%)		0
2020 - 2021	5 (6% )	1 (1,2%)		2

Соңғы 4 жыл ішінде №14 орта мектептің педагог кадрларының сапа құрамы тұрақты. Бала күтіміне байланысты 9 мұғалім демалыста. 2018-2019 оқу жылында мектепке 2 жас маман келді: Самат Бекзат Саматқызы - логопед, Абатова Асем Жаксылыкқызы - бастауыш класс мұғалімі. 2018 жылдың 23 қарашасының №531 бұйрығы негізінде жас мамандарға тәлімгерлер бекітілді.

2020 – 2021 оқу жылында 2 жас маман: Кумарова М.Р. – ағылшын тілі пәні мұғлмі, Аманғосова М.Е. – бастауыш класс мұғалімі.

Мұғалімдердің 86,7 % жоғары білімді, осының ішінде 1 магистр, 13,3 % арнаулы – орта білімді. Барлық педагогтардың базалық білімі бар.

Ұжым мұғалімдерінің сапалық көрсеткіші - 51,8 % (жоғары, педагог - зерттеуші, бірінші, педагог - эксперт санатты мұғалімдер). Оның ішінде оқу жылының басында 18 – педагог – зерттеуші, 9 – педагог – сарапшы. Мектепте 14 – педагог – модератор бар.

2020 – 2021 оқу жылының мамыр айында мектепте: «педагог – зерттеуші» - 20, «педагог – сарапшы» - 11, «педагог-модератор» - 16. Педагог кадрлардың сапасы 53% құрайды. Соңғы 4 жыл ішінде мектепте “педагог - зерттеуші”, “педагог - сарапшы”, “ педагог - модератор” санатты мұғалімдердің саны өскенін байқауға болады.

### Мұғалімдердің жасы бойынша

Жыл / Жас	Мұғ. саны	20 -30	31-40	41-50	51-60
2017 – 2018	82	20 (24,4%)	22 (26,8%)	22 (26,8%)	18 (22%)
2018 – 2019	77	15 (19,5 %)	19 (24,7 %)	23 (30 %)	20 (25,8 %)
2019 – 2020	80	15(18,8 %)	20(25 %)	25(31,2 %)	20 (25 %)
2020 - 2021	83	17 (20,5%)	17 (20,5%)	28 (33,7%)	21 (25,3%)

Мұғалімдердің орташа жасы - 43 жас.

### Еңбек өтілі бойынша

№	Оқу жылдары	Мұғалім саны	0-3	4-8	9-16	17-20	20 жылдан жоғары
1	2017 – 2018	82	10 (12,2%)	8 (9,8%)	27 (32,9%)	7 (8,5 %)	30 (36,6 %)
2	2018 – 2019	77	5 (6,5 %)	7 (9,1 %)	26 (33,7%)	7 (9,1 %)	32 (41,6%)
3	2019 - 2020	80	7 (8,75 %)	6 (7,5 %)	28 (35 %)	7 (8,75 %)	32 (40 %)
4	2020 - 2021	83	6 (7,2 %)	6 (7,2 %)	26 (31,3 %)	8 (9,6 %)	37 (44,6%)

Еңбек өтілі 20 жылдан жоғары мұғалімдер – 44,6 % және еңбек өтілі 0 – 8 жыл аралығындағы жас мұғалімдер ұжымның 14,4 % құрайды. Бұл жас мұғалімдердің әдістемелік деңгейін

жетілдіру, әдістемелік және ғылыми - теориялық көмек көрсету, тәжірибелік дағдыны қалыптастыру жағынан жақсы жағдай туғызады.

#### **4 бөлім**

2017 – 2021 оқу жылдарында оқу - тәрбие жұмысының ағымды қорытындылары педагогикалық, әдістемелік кеңестерінің отырыстарында, педагогикалық консилиумдарда және басқа түрлері жұмыстары барысында талқыланды.

Мектеп ұжымы басшылығының жоғарғы органы педагогикалық кеңес болып табылады. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 2 шілдедегі № 317 бұйрығына сәйкес педагогикалық кеңесінің құрамы бекітілді. Педагогикалық кеңес мұғалімдердің қажеттіліктерін қалыптастыру, оқушылар және ата-аналармен жұмыстың инновациялық форма мен әдістерін өз жұмыстарында пайдалану мақсатында өткізіледі. Жыл сайын әр оқу жылына жоспарланған 9 педагогикалық кеңесінің 9 өткізілді. 2020-2021 оқу жылында педагогикалық кеңестер, елімізде жарияланған төтенше жағдайына байланысты, ZOOM платформасы арқылы онлайн режимінде өткізілді.

Тақырыпты педагогикалық кеңестер: «Оқу жылының оқу – тәрбие жұмысының сараптамасы, жаңа оқу жылына мектеп жұмысының бағыттары» - тамыз; «Қашықтықтан оқыту - жұмыс тәжірибесі, алғашқы қадамдар» («Дистанционное обучение - опыт работы, первые шаги»), «Тәрбие технологиясы - тәрбие жұмысындағы кәсіптік шеберліктің элементі», «Оқушылардың өзіндік жұмыс жасау қабілеттерін қалыптастыру - замануи талап», «Оқыту тиімділігінің негізі ретінде мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін жетілдіру (Совершенствование педагогического мастерства учителя, как основа эффективности обучения), «Тәрбие процесінің маңызы мен ұстаз шеберлігі», «Замануи білім берудегі күзиреттіліктің жолдары» Әр тақырыпты педагогикалық кеңес түрлі белсенді формаларда өткізілді. Одан басқа осы педагогикалық кеңестерде мұғалімдердің «Күнделік» ақпараттық жүйесінде жұмыс істенуі, мемлекеттік қызмет көрсету, оқушылардың білім сапасының көтеру жолдары, оқу үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс түрлерін қолданудағы іс-тәжірибемен бөлісу туралы сұрақтар қаралды. Педагогикалық кеңесінің қаулысы мен шешімдерінің орындалуы әкімшілік тарапынан қатан бақылауда болды.

Мектепшілік 2017 жылының 31 тамыздағы №360 бұйрығымен, 2018 жылының 31 тамыздағы № 332 бұйрығымен, 2019 жылдың 31 тамызының №310 бұйрығымен, 2020 жылдың 8 қыркүйегінің №210 - Б бұйрығымен сәйкес мектепте әдістемелік кеңес құрамы бекітілді. Әдістемелік кеңестің жұмыстағы мақсаты мектепте білім беру мазмұнын және оқу-әдістемесін жаңартудағы жұмыстарының белсенділігін арттыру, мектептің дамуына ықпал ету. Әдістемелік кеңес мектеп директорымен бекітілген ереже негізінде жұмыс істейді. Әдістемелік кеңестің отырыстарында оқу - тәрбие процесінің бүкіл бағыттары қаралады, соның ішінде қазір өте маңызды сұрақтардың бірі бейне сабақтарын дайындауға арналған әдістемелік ұсыныстар және қашықтықтан оқытудағы кейбір тақырыптарды игерудегі олқылықтарды жою бойынша оқушылармен жазғы мектепте мұғалімдердің жұмыстарын ұйымдастыруы туралы. Әдістемелік кеңесінің қаулы бөлімінің орындалуы мектеп әкімшілігі тарапынан бақыланып отырды. Әдістемелік кеңес отырыстарының шешімдері хаттамаларда сақталған және құжаттары жинақталған.

Мектеп бойынша 1, 5, 10 класс оқушыларының бейімделуін зерттеу және көмек көрсету, инклюзивті оқыту жұмыстарын ұйымдастыру мен қорытындылау мақсатында Педконсилиумдар ұйымдастырылды. Педконсилиумдарда бақылау тобы құрамына кірген әкімшілік мүшелері, мұғалімдер, психологтар оқушылардың бейімделуін зерттеп қорытынды материалдарымен ата – аналарды, пән мұғалімдерді таныстырып ұсыныстар берді. Әдістемелік кеңес отырысында педконсилиум барысында берген әр ұсыныс талқыланып, жұмыс бағыттары айқындалды. Инклюзивті оқудағы балармен жұмыс істетін мұғалімдерге кеңес берілді. Мектеп ұжымы осы ұсыныстарды жүзеге асыру мақсатында жұмыс істеп оқушыларға жағдай жасауға көп еңбек етті.

2017-2021 оқу жылдары Директор жанындағы кеңесте, өндірістік жиналыстарда және кафедралардың отырыстарында бүкіл мектептің жұмыстары қаралды. Оның ішінде мысалы, мектепшілік бақылауда тұрған пәндердің берілуі жағдайлары (математика, 9-10 кластарындағы геометрии, физика пәні, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, география, жаңартылған білім беру мазмұны шеңберінде дене шынықтыру, технологияларды оқыту жағдайы), 4,9,10, 11 кластарына жаңартылған білім беру мазмұнын еңгізілуінің қиыншылықтары мен жетістіктері



туралы, жаратылыстану пәндерін (химия, биология, информатика, физика) ағылшын тілінде оқыту туралы, мектепке жаңадан келген мұғалімдердің сабақ беруінің сапасын зерделеу жұмыстары туралы және тағы да басқа сұрақтар талқыланып шешімдер шығарылды. Қабылданған шешімдердің орындалуы оқушылардың оқу-әдістемелік және оқу нәтижелері сапасына оң әсерін тигізді.

Әр педагогикалық кеңестің, әдістемелік кеңестердің және педагогикалық консилиумдардың шешімдері хаттамаларға енгізіліп және олардың орындалуы мектеп әкімшілігінің қадағалануында болып мектеп ұжымының жұмысына оң әсерін тигізді. Нәтижесінде оқушылардың ББД сапасы 2017-2018 оқу жылында - 49,2% 2018-2019 оқу жылында - 49%, 2019-2020 оқу жылында 52% (+ 3 %), 2020-2021 оқу жылында - 52% құрап тұр, бұл 2019 - 2020 оқу жылы ББД сапасымен салыстырғанда өзгеріс көрсетіп тұрған жоқ, бірақ оқушылар қашықтықтан оқыды және кейбір тақырыптарды игеруде қиыншылықтар бар болғандықтан бұл нәтиже оң болып тұр және оқу сапасының тұрақтылығы әр мұғалімнің мақсатқа бағытталған жұмысының нәтижесі.

Осы жұмыстан күтілетін нәтиже: оқушыларға сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасап, жеке тұлғаның шығармашылық, интеллектуалды және физикалық мүмкіндіктерін, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, интеллекттерін байыту және дамыту, азаматтық білім беру және патриотизмді, Отанына деген сүйіспеншілігін қалыптастыру. Оқушылардың білім сапасын 52 % әрі қарай өсуіне жағдай туғызу.

Мектепте ҚР мемлекеттік білім дамыту бағдарламаларының негізгі бағыттары бойынша нақтылы жұмыстар жүргізіліп жатыр:

- «ӨРЛЕУ» Ақтөбе облысы филиалы және Педагогикалық шеберлік орталығы базаларында кадрларды қайта даярлау курстарынан өтуі,
- мектептің материалдық базасын күшейтілуі,
- мектеп мұғалімдерімен жаңартылған білім беру бағытында жұмыс істеуі,
- жаңа мазмұнды оқу бағдарламасы бойынша курстардан өтіп өз білімдерін жетілдіруі,
- кәсіподақ ұйымымен ұстаз мамандығы мәртебесін жоғарылату бойынша шаралар жүргізілуі.
- мұғалімдердің заманауи ақпаратты платформаларда, «Kundelik kz», «E - portfolio» жүйелерінде жұмыс істеу, видеосабактар түсіру дағдыларының дамытылуы.

### **Мектепшілік бақылау**

Ағымдағы оқу жылында бақылаудың мындай түрлері қолданылды, тақырыптық және фронталдық, және бақылаудың формалары: жеке және жалпы – кластық.

**Жалпы-кластық бақылау** - оқу жылының басында 4,5,6,7,9 класс оқушылары арасында инклюзивті оқитын балаларға назар аударылды, бұл балаларға психолог тарапынан педагогикалық-психологиялық мінездеме берілді, олар үшін директордың орынбасары Абитаева Р.Р. педконсилиум өткізді. Педконсилиум сабақтастығын зерделеу жоспарын іске асыру жолдарын анықтады оқу жылының барысында әдістемелік жұмыс бойынша директордың орынбасары А.А. Дуржанова бастауыш мектеп және орта буын 5, 10 класс оқушылары арасында педконсилиум сабақтастығын зерделеу жоспарын іске асыру жолдарын анықтады. Психология-педагогикалық сипаттамасы олимпиадалық резервке енгізілген дарынды оқушылардың тобын анықтауға, тәуекел және денсаулығы нашар балалар тобын анықтауға көмектесті.

**Жалпы-кластық бақылау** - 9 класс оқушыларын 10 класта одан әрі оқыту үшін зерттеу мен ұсынымдар деңгейін анықтау үшін жұмыстар жүргізілді. Оқушылардың құрамын одан әрі оқытылуын зерттеу үшін көмектесетін ұсыныстар берілді.

**Мектепшілік бақылау жоспарына сай мектеп әкімшілігі келісілген бұйрыққа сәйкес жетекшілік ететін пән бойынша сабақтарға қатысты.**

Мектеп әкімшілігі осы оқу жылында барлық мұғалімдердің сабағына қатысты. Өндірістік жиналыста пәндердің берілуі туралы толық талдау жасалды: сабаққа қатысымды талдау, оқу жоспарының орындалуын, жұмыс дәптерлері, бақылау дәптерлері және шығармашылық жұмыс дәптерлерінің жүргізілуі, дарынды балалармен жұмыс, кәсіби конкурстарға қатысу, кабинеттердің жабдықталуы, оқушылар мен мұғалімдердің жетістіктері, білім сапасы, әкімшілік сынақтардың нәтижелері. Ұсыныстар: мектеп мұғалімдері сабақтарда ақпаратты технология әдістерін белсенді қолдануы, әр сабақта оқушыларды әр түрлі қалыптастырушы және деңгейлі тапсырмалармен қамтамасыз етіп, дескрипторлар арқылы жұмыс жүргізуі.

Әсіресе шығармашылық маңызды сабақтары бар мұғалімдер: Иманбаева А.С., Абитаева Р.Р., Туйякова Г., Культаева А.Б., Абдикалыкова Э.Б., Ли Е.П., Жураковская Е.Г., Сагизбаева Ж.З., Кожекенов Б.К. Академиялық әдістемелік сауатты сабақ жүргізетін мұғалімдер: Каирлапова К.Б., Дуржанова А.А., Алмагамбетова С., Сейдуллина С.Ж.

### **Мектеп құжаттарының жағдайы.**

Жыл бойы электронды класс журналдары тұрақты тексеріліп отырылды. Электронды класс журналдары нұсқаулыққа сәйкес жүргізілді.

**Дәптерлердің жүргізілуін тексеру.** Осы оқу жылында дәптерлердің жүргізілуін директордың орынбасарлары: С.Ж. Сейдуллина - бастауыш кластардың, Р.Р. Абитаева - орыс тілі, А.А. Дуржанова - математика, физика, биология және география пәндер бойынша, Э.Б. Абдикалыкова – қазақ тілі пәнінің дәптерлерін тексерді. Пәндердің жағдайын тексеру қорытындысында дәптерлердің жүргізілуі тыңдалды. Байыпты ескертулер болмады. Барлық ескертулер жұмыс барысында жойылды. Ескертулерді жөндеу жұмыстары бойынша мұғалімдер кафедра отырыстарында есеп берді.

Сонымен қатар оқушылардың жеке істерін алфавиттік кітап бойынша тексеру, деректерді уақытылы енгізу және жүйелі жұмыстар көрсетіп отырды, директор жанындағы кеңесте есеп берілді.

НОБД базасымен жұмыс жалғастырылды және үнемі өзгерістер енгізіліп тұрады.

Жаңа оқу жылында және 2021 жылдың қаңтар айында төлем комиссиясы, қызметкерлердің еңбек кітаптары, педагогтардың еңбек өтілімдері тексерілді.

2020-2021 оқу жылының мектепшілік бақылау жұмысы қорытындысы бойынша негізгі міндеттері мен бағыттары орындалды, мақсаты шешілді.

Ұсынымдар: мектептің жұмысын жоспарлау кезінде қашықтықтан және аралас оқыту кезеңінде басқару қызметін ұйымдастыруға бағытталған түзетулер енгізу қажет.

1. Оқу сапасын бақылаудың әртүрлі нысандарын қолдану;
2. Сабаққа қатысу арқылы оқыту сапасын бағалауға педагогикалық ұжым қатарынан көшбасшыларды тарту;
3. Білім беру қызметтерінің сапасы туралы қоғамдық пікірді зерттеу, ата-аналар арасында сауалнама жүргізу;
4. Оқушылардың білім деңгейін арттыру мақсатында педагогтердің педагогикалық тәжірибесінің деңгейін арттыру үшін жағдай жасау;
5. Оқушылардың білім алуға деген ынтасын арттыру, сабақтан тыс уақытта оқушылардың белсенділігін арттыру.

### **5 бөлім**

Әдістемелік жұмыс бекітілген жоспар бойынша жүргізіледі. Әдістемелік жұмыс төмендегідей бағыттар бойынша жүргізіледі: әдістемелік кеңестің жұмысы, оқу үрдісіне жаңартылған білім мазмұнын енгізуінің әдістемелік қолдауы, педагогтарды аттестаттау, кәсіби білімін көтеру, жас мамандармен жұмыс, дарынды балалармен жұмыс, мұғалімдердің озық тәжірибесін тарату, кафедра жұмысы, эксперименттік жұмыс, шығармашыл мұғалімдер топтарының жұмысы.

Әдістемелік жұмыстың мақсаты: мектеп мұғалімдеріне оқу үрдісіне жаңартылған білім мазмұнын енгізу кезеңінде қолдау көрсету, кәсіби деңгейін көтеруге жағдай жасау, мектептің кешенді дамуы барысында мұғалімдер, оқушылар, ата - аналар арасында білім берудің жаңашыл және әр түрлі әдіс-тәсілдерін қолдану.

Мектептің әдістемелік жұмысының жоспары оқу жылының ОТЖ сұрыптамасы негізінде жасалған.

Мектептің әдістемелік жұмысының барлық саласын қамти отырып, мектепте әдістемелік кеңес құрылды. Мектептің әдістемелік кеңесінің шешімі негізінде, мектеп 2020 - 2021 оқу жылында төмендегі әдістемелік мәселе бойынша жұмыс жасауын бастады:

**Мәселе:** «Тұлғаның, қоғамның, мемлекеттің өзекті және перспективалық қажеттіліктеріне сәйкес келу негізінде білім берудің жаңа сапасына қол жеткізу үшін тиімді білім беру кеңестігін құру»

Мәселені шешу үшін 3 жылға әдістемелік тақырыптар құрылды.

Тақырыптары:

*2020 – 2021 оқу жылы-ұйымдастырушылық - үйлестіруші кезең*

Білім алушыларды оқыту мен тәрбиелеуде заманауи педагогикалық және компьютерлік технологияларды қолданатын мұғалімдердің кәсіби құзіреттілік деңгейіне қол жеткізу үшін жағдайлар жасау (мектептің оқытушылары мен оқушыларын электрондық платформаларда жұмыс істеуге үйрету, бейне сабақтардың медиа – базасын құру бойынша мұғалімдердің жұмысы)

*2021 – 2022 оқу жылы - енгізу кезеңі (немесе енгізбелік кезең)*

Білім беру қызметін ұйымдастырудың заманауи тәсілдерін қолдану арқылы мұғалімдердің кәсіби деңгейі мен педагогикалық шеберлігін үнемі жетілдіріп отыру арқылы білім беру кеңестігіне қатысушылардың өзара әрекеттесуі арқылы білім алушыларды оқыту мен тәрбиелеу сапасын арттыру.

*2022 – 2023 оқу жылы- талдамалы—жинақтау кезеңі*

Сабақ және сабақтан тыс жұмыстарда ақпараттық – коммуникациялық технологияларды белсенді пайдалану, жұмыс тәжірибесімен бөлісу

### **Мұғалімдер құрамымен жұмыс істеу:**

**Мұғалімдерді аттестаттау.** Мектеп әдістемелік жұмысының басты бағытының бірі педагог қызметкерлерді және оған теңелген тұлғаларды аттестациядан өткізу. Бұл мұғалімдердің еңбегін ынталандыруда және кәсіби құзіреттілігін көтеруге ықпал жасайды. «Білім туралы» Заңының 51-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығымен бекітілген, ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 192, 2020 жылғы 14 мамырдағы № 202 бұйрықтарына сәйкес және педагог қызметкерлерді аттестаттау ережелеріне сай мектепте 2020 жылдың 14 тамызында №186 бұйрығымен сараптамалық және аттестаттау комиссиялары құрылды. Эксперттік және аттестаттау комиссияларының жұмыс жоспары оқу жылының басында педагог қызметкерлерді және оған теңелген тұлғаларды аттестаттау ережесі (БҒМ ҚР 2016 жылдың 27 қаңтарындағы №83, 2020 жылдың 11 мамырдағы №192, 14 мамырдағы №202 бұйрықтары) негізінде жасалған. Комиссия құрамында мектеп директоры, директордың орынбасарлары, кафедра меңгерушілері, жоғары санатты тәжірибелі мұғалімдер, мектептің кәсіподақ комитетінің төрағасы бар.

2016 жылдан бастап мұғалімдерді аттестациялау мемлекеттік қызметке жататындықтан өтініштерді және қолхаттарды тіркейтін журналдар жүргізілді. Мемлекеттік қызмет 2017 жылдың 25 мамырына дейін көрсетілді. 2017 – 2018 оқу жылына 4 мұғалім жоғары санатқа (Сағизбаева Ж.З. – тарих пәні мұғалімі, Абдикалықова Э.Б. – орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, Исаева С.Ш. – бастауыш класс мұғалімі, Амиргалиева С.Ж. – бастауыш класс мұғалімі), 1 мұғалім жоғары санатын растауға (Кабиева А.К. – химия, биология пәні мұғалімі), 3 мұғалім бірінші санатқа (Кожекенов Б.К. – музыка пәні мұғалімі, Туйякова Г.Б. – тарих пәні мұғалімі, Абдирова З.С. – география пәні мұғалімі), 1 мұғалім екінші санатқа (Досова Т.Т. – ағылшын тілі пәні мұғалімі), 2 педагог екінші санатты растауға (Касангалиева А.А. – бастауыш класс мұғалімі, Султанова А.М. – дене шынықтыру пәні мұғалімі) өтініш берді. Барлығы 11 мұғалім. Бұл ұжымның 14,5 % құрайды. Барлық мұғалімдер аттестацияның барлық кезеңінен сүрінбей өтіп, мәлімдеген санаттарына ОББ -ң 2018 жылдың 29 наурыздағы №89, ҚББ – ң 2018 жылдың 30 наурыздағы №321, мектепшілік 2018 жылдың 9 сәуіріндегі № 179 бұйрықтарына сәйкес ие болды

Жыл	Өтініш берген	бекітілген	көтерген	өтпеген
2017 – 2018	11	2	9	-

2018 – 2019 оқу жылында мерзімінен бұрын аттестаттауға өтініш берген мұғалімдер болған жоқ. Мемлекеттік қызмет 2018 жылдың 25 мамырына дейін ЦОН арылы көрсетілді. Педагогтарға теңелген тұлғалардың аттестатталуы БҒМ ҚР №83 27.01.2016 жылғы ережесі негізінде өтті. Мектеп бойынша 2018 – 2019 оқу жылына 2 тұлға (Курманбаева А.С. – психолог, Умарова А.С. – технология пәні мұғалімі (колледжден келді)). 1 мұғалім бірінші санатқа (Умарова А.С. – технология пәні мұғалімі), 1 педагог екінші санатты растауға (Курманбаева А.С. – педагог – психолог) өтініш берді. Бұл ұжымның 2,6 % құрайды. Барлық мұғалімдер аттестацияның барлық кезеңінен сүрінбей өтіп, мәлімдеген санаттарына ие болды.

2018 жылынан бастап ҚР БжҒМ -ң 12.04.2018 жылының № 152, 29.06.2018 жылының №316 бұйрықтары, негізінде мұғалімдерге біліктілік санаттарын беру (растау) үшін аттестатталушы адамдарды кезекті аттестаттау екі кезеңде жүзеге асырылады:

1) бірінші кезең – ұлттық біліктілік тестілеуі;

2) екінші кезең – қызмет қорытындыларын кешенді талдамалық жинақтау.

Осыған байланысты 2018 жылының көктемінде мектепте бірінші кезеңге 22 мұғалім өтініш берді. Бірінші кезең қорытындысы бойынша 2018 жылдың мамыр айында 17 мұғалім екінші кезеңге жіберілді. Екінші кезең қорытындысы бойынша: 10 мұғалім педагог – зерттеуші (Жалмуханова Ж. Ж., Ли Е.П., Дуржанова А.А., Абитаева Р.Р., Каирлапова К.Б., Дустанова А.И., Ахаева Ж.Т., Абдина Ж.Ш., Утенова Г.А., Сейткасымова А.Н.), 3 мұғалім педагог – сарапшы (Аманжулова А.С., Рсмаганбетов М, Мукатова М.Е.), 4 мұғалім педагог – модератор (Жумагалиева Г.Т., Елубаева А.Ж., Мұқанғалиева А.Д., Бекгулова Ч.Ш.) біліктілік санаттарына ие болды.

2018 жылдың қараша айында аттестацияның бірінші кезеңіне 1 мұғалім (Каримбаева А.Ж. педагог – модератор), екінші кезеңіне 2 мұғалім қатысты (Каримбаева А.Ж. дене тәрбиесі пәні мұғалімі, Ержанова Г.К. педагог – сарапшы, орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі). Ержанова Г.К. 22 мектептен келді, мамыр айында квалтестен өтті. Екі мұғалімде мәлімдеген санаттарына ие болды.

Мемлекеттік қызмет 2019 жылында екі рет 20 желтоқсан–05 қаңтар, 1–15 тамыз аралықтарында ЦОН арқылы көрсетілді. 2019 жылдың қаңтар айында біліктілік санаттарын көтеру үшін 22 мұғалім өтініш берді. 02 – 04 маусым күндер аралығында 22 аттестатталушылар бірінші кезең – ұлттық біліктілік тестілеуіге барды. Нәтижесінде екінші кезеңге 16 мұғалім өтті. Педагог – зерттеушіге – 5 адам (Алмагамбетова С.С., Кубенова К.К., Жугинисова Б.М., Иманбаева А.С., Алдабергенова Р.А.) педагог – сарапшыға – 4 педагог (Улмагамбетова Г.М., Кулбатырова Б.С. Оразғалиева Ж.Р. Амантаева С.Т.), педагог – модераторға – 7 мұғалім (Изтлеуова Г.Р., Әбдіқалықова Ж.Р., Успанова Г.З., Базарбаева Н.Р., Умарова А.С., Конспекова А.Т., Куанышева Р.А.). Осы тұлғалар маусым, шілде айларында аттестаттаудың екінші кезеңінен өтіп, мәлімдеген санаттарына ие болды.

2019 жылының 1–15 тамыз аралығында 5 мұғалім өтініш берді. Бірінші кезең қорытындысы бойынша 2019 жылдың қараша айында 2 мұғалім екінші кезеңге жіберілді. Екінші кезең қорытындысы бойынша:

аналарына психологиялық көмек» атты жалпы Республикалық конференция өткізіліп, бейнероликтер көрсетілді, сауалнама алышып жеке және топтық кеңестер беріліп, жадынамалар таратылды. Қыз балаларға арналған ерте жүктілікті алдын – алу мақсатында «Жасөспірімдердің өз репродуктивті денсаулықтарына жауапкершілікпен қарауды ұйымдастыру.7а,7ә,7б класындағы қыздарға "проктер энд гэмбл компаниясы дәріс жүргізді.

**Консультативтік бағыт бойынша 2018-2019 оқу жылында.** «Жасөспірімдердің өз репродуктивті денсаулықтарына жауапкершілікпен қарауды ұйымдастыру.7а,7ә,7б класындағы қыздарға "проктер эндгэмбл компаниясы дәріс жүргізді. Оқушыларды оқыту, тәрбиелеу, және дамыту мәселелері бойынша педагогтарға кеңес 20, ата-аналарға топтық консультациялар - 20, жеке ата-аналарға кеңес – 30, мектепке және орта буынға бейімделу мәселелері бойынша 1-ші класс оқушыларының ата-аналарына - 15, педагогтарға кеңес – 30, оқушылармен жеке кеңес- 73.

**Консультативтік бағыт бойынша 2019-2020 оқу жылында** 10 қазан «Дүние жүзілік психикалық денсаулық күніне» орай психикалық денсаулықты сақтау мен нығайтудың маңыздылығы жөнінде хабардар болуды арттыру іс-шаралары онлайн платформасы арқылы оқушыларға және ата-аналарға жүргізілді. Мақсаты: Аталған іс-шара оқушылардың психикалық денсаулығының маңыздылығы жөнінде хабардар болып және олардың нығайту дағдыларын арттырады. Зорлық-зомбылықтың, суицидтің мінез-құлықтың алдын-алудың маңызды құрамдас бөлігі болады.

**Консультативтік бағыт бойынша 2020-2021 оқу жылында** 2020 жылдың 9 қазан күні «Менің психикалық денсаулығым» тақырыбында 8-11 класс оқушыларына ZOOM платформасы арқылы онлайн сабақ, лекция (презентация) өткізілді және Whatsapp желісі арқылы жадынама таратылды. 2020 жылдың 9-20 қараша күндері «Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында ақпараттық науқанның өткізу жөнінде іс-шаралар жүргізілді. «Зорлық-зомбылықсыз әлемді қалай құруға болады!» тақырыбында жоғары буын оқушылар арасында эссе жазылып, талқыланды. 8-11 класс оқушылар үшін онлайн форматта «Зорлық-зомбылыққа жол бермейік!» тақырыбында класс сағаттары жүргізілді. Қоғамдық зорлық-зомбылыққа байланысты өзекті мәселелер талқыланды. Оқушыларды оқыту, тәрбиелеу, және дамыту мәселелері бойынша педагогтарға кеңес 10, ата-аналарға топтық консультациялар - 3, жеке ата-аналарға кеңес – 12, мектепке және орта буынға бейімделу мәселелері бойынша 1-ші класс оқушыларының ата-аналарына - 8, оқушылармен жеке кеңес- 22.

**Коррекциялық бағыт бойынша 2018-2019 оқу жылында:** 8-11 класс оқушыларына адамгершілік- рухани құндылықтарды қалыптастыруға және оқушылардың аутодиструктивті мен дивертанты мінез- құлқын алдын алуға бағытталған «Сен агрессиянды қалай жеңесің?» және «Мен қиындықты жеңемін» атты бейнеролик көрсетіліп оқушылардан эссе алынды.Оқушылар арасында бопсалаушылық әрекеттер мен Зорлық - зомбылық фактілерін анықтау мақсатында «кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау және зорлық-зомбылықтың алдын алу»тақырыбында 7-11 кластар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу тақырыбына сауалнама алынды. 8-11 класс оқушылары мен «Полиция мектепте» атты арнайы мамандар мен кездесу өткізілді. Мақсаты: оқушыларға тәртіп бұзушылық, сақтық шаралары жөнінде ескертілді.

**Коррекциялық бағыт бойынша 2019-2020 оқу жылында:**

1 «А», «Ә», «В», «Б»,«Г», «Д», «Е» қазақ және орыс класс оқушыларымен дамытушылық тренинг сабақтары жүргізілді. Бейімделу жұмыстарына байланысты «Мен және менің арманым», атты тренинг сабақтар 5 «А», «Ә», «Б», «В» кластарына жүргізілді. 7 «А», «Ә»кластарына «Мен және менің арманым», атты тренинг сабақтар жүргізілді. 7 «Б» орыс класына «Я и мой мир» атты тренинг жаттығу жүргізілді. Оқушылардың өз әлемдерінде өмір сүрулері бойынша жұмысты ұйымдастыру. 8 «А», «Ә» қазақ кластарында «Ыстық үстел» аты тренинг жүргізілді. 7 «А», «Ә» «Есірткі қатер дерті» сабақ жүргізілді. 5 «А», «Ә» шылым адам ағзасына зияны дәріс сабақ. 5 «Г» «Горячий стул» тренингі жүргізілді, 6 «А», «Ә», «Б» «Мен қандаймын», 5 «А», «Ә», «Б», «В» класс оқушыларына «Девочка дракона и Самурай», «Мимо Волна», «Мен қандаймын» тренинг жаттығулары жүргізілді. 7«А», «Ә», «Б» «Волна» және «Мен қандаймын» тренинг жаттығулары жүргізілді. 8 «А», «Ә», 9 «А», «Б» класс аралығында «Өзіңнің көңіл-күйіңе әсер ет және оны жақсарт», «Стресс пен дағдарыс», «Өз көңіл –күйіңе әсер ет, оны жақсарт» тақырыбында дәрістер оқылып түсіндіру жұмыстары жүргізілді.8 «А»,

«Ә», класс оқушыларына адамгершілік- рухани құндылықтарды қалыптастыруға және оқушылардың аутодиструктивті мен дивиантты мінез- құлқын алдын алуға бағытталған «Сен агрессияны қалай жеңесің?» және «Мен қиындықты жеңемін» атты бейнеролик көрсетілді. Оқушылар арасында бопсалаушылық әрекеттер мен Зорлық - зомбылық фактілерін анықтау мақсатында «кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау және зорлық- зомбылықтың алдын алу» тақырыбында 7-11 кластар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу тақырыбына сауалнама алынды. 8-11 класс оқушылары мен «Полиция мектепте» атты арнайы мамандар мен кездесу өткізілді. Мақсаты: оқушыларға тәртіп бұзушылық, сақтық шаралары жөнінде ескертілді.

**Коррекциялық бағыт бойынша 2020-2021 оқу жылында:** 1 класс оқушыларымен дамытушылық тренинг сабақтары жүргізілді. Бейімделу жұмыстарына байланысты «Мен және менің арманым» атты тренинг сабақтар онлайн Whatsapp желісі арқылы 5 класс оқушыларына жүргізілді. 7 класс оқушыларына «Волна» және «Мен қандаймын» тренинг жаттығулары онлайн жүргізілді. 8- 9 класс аралығында «Өзіңнің көңіл-күйіңе әсер ет және оны жақсарт», «Стресс пен дағдарыс», «Өз көңіл –күйіңе әсер ет, оны жақсарт» тақырыбында дәрістер оқылып түсіндіру жұмыстары жүргізілді. 8-11 класс оқушыларына адамгершілік- рухани құндылықтарды қалыптастыруға және оқушылардың аутодиструктивті мен дивиантты мінез- құлқын алдын алуға бағытталған «Сен агрессияны қалай жеңесің?» және «Мен қиындықты жеңемін» атты бейнеролик көрсетілді. Оқушылар арасында бопсалаушылық әрекеттер мен Зорлық - зомбылық фактілерін анықтау мақсатында «кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау және зорлық- зомбылықтың алдын алу» тақырыбында 7-11 кластар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу тақырыбына жаднама таратылды.

**Ағарту және профилактикалық бағыт бойынша 2018-2019 оқу жылында:** Оқушылар арасында бопсалаушылық әрекеттер мен зорлық - зомбылық анықтау мақсатында Тәуекел топ оқушыларымен мектепшілік есепте тұрған оқушылардың «Тұрмыстық зерттеу актілерін жасау, сұхбаттасу, жеке кеңес беру» жұмыстары жүргізілді.»Класс жетекшілер мен ата-аналардың сұранысытары бойынша оқушылармен жеке жұмыстар жүргізілді. 11 класс оқушыларына «Уақытты қалай үнемі пайдалануға болады?» , «Күн тәртібі», «ҰБТ- ға психологиялық тұрғыда дайындық », «Мүмкіндігі шектеулі, мүгедек тобындағы оқушылармен жеке және топтық кеңестер берілді. Мүмкіндігі шектеулі, мүгілек тобындағы оқушылармен түзету- дамыту жұмыстары жүргізілді.»

**Ағарту және профилактикалық бағыт бойынша 2019-2020 оқу жылында:** Оқушылар арасында бопсалаушылық әрекеттер мен зорлық - зомбылық анықтау мақсатында Тәуекел топ оқушыларымен мектепшілік есепте тұрған оқушылардың «Тұрмыстық зерттеу актілерін жасау, сұхбаттасу, жеке кеңес беру» картотека құрылып барлық жұмыстары жүргізілді.» тәуекел тобымен мектепшілік есепте тұрған оқушылармен диагностикалық коррекциялық, профилактикалық жұмыс атқарылды. Класс жетекшілер мен ата-аналардың сұранысытары бойынша оқушылармен жеке жұмыстар жүргізілді. «Мектептегі жасөспірімдердің денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру және суицидтің алдын алу» бағдарламасын ата-аналарға ақпараттандыру. 8 «А», «Ә», «Б» класының ата-аналарына жиналыс жүргізілді. 1-11 кластың ата-аналар комитетінің төрағалары – 51 және ата-атана комитетінің мүшелері 153 адам жиналысқа қатысты. Тақырыбы; Оқушының мектептегі және мектептен тыс уақыттағы өмір қауіпсіздігін сақтау. Жасөспіріммен нәтижелі байланысты қалай орнатуға болады. Профилактика девиантного поведения и правонарушений в подростковой среде. 8,9,10 класс аралығына «Жасөспірімдердің психикалық және физикалық денсаулығын нығайту және суицидтің алдын алу» бағдарламасы аясында ата-аналардың келісімдері нәтижелері бойынша оқушыларға дәрістер жүргізілді.

**Ағарту және профилактикалық бағыт бойынша 2020-2021 оқу жылында :** Оқушылар арасында бопсалаушылық әрекеттер мен зорлық - зомбылық анықтау мақсатында Тәуекел топ оқушыларымен мектепшілік есепте тұрған оқушылардың «Тұрмыстық зерттеу актілерін жасау, сұхбаттасу, жеке кеңес беру» картотека құрылып жылдық түзету-дамыту жұмыстары бекітілді «Мектептегі жасөспірімдердің денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру және суицидтің алдын алу» бағдарламасы бойынша ата-аналар ақпараттандырылды. 8,9,10 ,11 класс аралығына «Жасөспірімдердің психикалық және физикалық денсаулығын нығайту және суицидтің алдын алу» бағдарламасы аясында оқушыларға дәрістер жүргізілді.

**Тәрбие жұмысының бағыты:** 2018-2019 оқу жылында 11 класс оқушыларымен мемлекеттік емтиханға дайындық жұмыстары жүргізілді. Мақсаты: оқушылармен жеке сөйлесіп, таңдау пәндері анықтап, қолдау көрсету. 7-8 кластар арасында ЖҚТБ тақырыптарына тенинг сабақтар өткізілді. 11 класс оқушыларының ата-аналары ҰБТ алдында ата-аналарға психологиялық қолдау көрсету мақсатында «ҰБТ және жетістік құпиясы» тақырыбында жиналыс жүргізілді. Ерекше назарды талап ететін оқушылардың психологиялық даму деңгейін анықтауға арналған жеке және топтық жұмыстар жүргізіліп. Оқушылардың ойлау қабілетін, зейінін, қабылдау қабілетін, есте сақтау қабілетін, көру қабілетін, қарым-қатынасының өсу деңгейін анықтап, диаграмма құрылып мінездеме жазылды. Ата-аналарына жазғы демалысқа байланысты психологиялық ұсыныстар айтылды, кеңес берілді.

2019-2020 оқу жылында инклюзивті білім алатын оқушылардың ата-аналарына балалары туралы ақпарат және жүргізілген жұмыстар туралы есеп берілді, психологиялық тренингтер жүргізілді. 6-11 класс қыздарына «Жасөспірімдерге адамгершілік – жыныстық тәрбие берудің негіздері» тақырыбында психологиялық кеңес жұмыстары, сонымен қатар жыныстық тәрбие туралы сауалнама видео роликтер көрсетілді. Мектепшілік жас мамандарға психологиялық қолдау ретінде «Қазіргі таңдағы мұғалімнің ролі» тақырыбында семинар практикум өткізілді және сауалнамалар алынып.

2020-2021 оқу жылында «Жасөспірімнің қауіпсіз жыныстық дамуы» тақырыбында мектепшілік инстограмм парақшасына жадынама жарияланды. Кәмелетке толмағандарға қатысты қатыгез қарау және зорлық-зомбылық мәселелері бойынша сенім телефонының танымдылығы арттырылды. Инклюзивті білім алатын оқушылардың ата-аналарына балаларының жылдық жұмыс жоспары, түзету-дамыту жұмыстарының кестесі туралы ақпарат берілді. Мектепшілік жас мамандарға психологиялық қолдау ретінде «Қазіргі таңдағы мұғалімнің ролі» тақырыбында жеке кеңес өткізілді және ұсыныстар берілді. Өгей ана және өгей әкемен тұратын оқушылармен жеке сөйлесіп, профилактикалық жұмыстар жүргізілді

**Ата –аналармен жұмысты ұйымдастыру бағыты бойынша 2017-2018 оқу жылында** ЮНИСЕФ бағдарламасы бойынша ата-аналарға түсіндіру келісім алу жұмыстары жүргізілді. Ата –аналарға және оларды алмастыратын адамдарға жекелей отбасылық кеңес берілді. 2018-2019 оқу жылында «Мектептегі жасөспірімдердің денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру және суицидтің алдын алу» бағдарламасын ата-аналарға ақпараттандыру. 8 «А», «Ә», «Б» класының ата-аналарына жиналыс жүргізілді. 1-11 кластың ата-аналар комитетінің төрағалары – 51 және ата-атана комитетінің мүшелері 153 адам жиналысқа қатысты. Тақырыбы; Оқушының мектептегі және мектептен тыс уақыттағы өмір қауіпсіздігін сақтау. Жасөспіріммен нәтижелі байланысты қалай орнатуға болады. 2019-2020 оқу жылында Профилактика девиантного поведения и правонарушений в подростковой среде. **8 «а», 8 «ә», «б»; 9 «а», «ә», «б»; 10 «а», «ә»** «Мектептегі жасөспірімдердің денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру және суицидтің алдын алу» бағдарламасын ата -аналарға ақпараттандырылды.

**Педагог кадрлармен жұмыс жыл бойы:** Мұғалімдерге «Менің ойымш...» тақырыбында сауалнама алынды. Мақсаты: мұғалімдердің бойындағы ерекшеліктермен, қиындықтарды анықтап көмек беру, қолдау. Жасөспірімдердің денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру және суицидтің алдын алу бағдарламасы. Ұжымды оқыту сабақтары өткізілді. Мақсаты: суицид сақшыларының атқаратын қызметтерін түсіндіру.

Жас мамандардың жұмыс барысындағы проблемаларын анықтауға арналған жұмыс түрлері жүргізіліп, жас мамандарға психологиялық ұсыныстар берілді. Мектепке келген жас маман саны 2 педагог. «Мектептегі жасөспірімдердің денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру және суицидтің алдын алу» бағдарламасымен ұжымды ақпараттандыру. Мұғалімдерге «Менің ойымш...» тақырыбында сауалнама алынды. Мақсаты: мұғалімдердің бойындағы ерекшеліктермен, қиындықтарды анықтап көмек беру, қолдау.

Жас мамандардың жұмыс барысындағы проблемаларын анықтауға арналған жұмыс түрлері жүргізіліп, жас мамандарға психологиялық ұсыныстар берілді. Мектепке келген жас маман саны 2 педагог.

**Әлеуметтік жағынан тұрмысы нашар отбасылармен және балалармен күқық бұзушылық пен қараусыздықтың алдын – алу бойынша жұмыс бағыты бойынша жыл сайын:** тәуекел тобымен мектепшілік есепте тұрған оқушылармен диагностикалық коррекциялық, профилактикалық жұмыс атқарылды. Сенім почтасы мен сенім телефоны

жұмыс жасайды. барысында тәуекел тобымен мектепшілік есепте тұрған оқушылармен диагностикалық коррекциялық, профилактикалық жұмыс атқарылды. Сенім почтасы мен сенім телефоны жұмыс жасайды. Қорытынды: Мектептің психологиялық қызметі 5 - бағытты қамтыған. Оқушылардың оқу- танымдық қабілеттерін дамыту, психологиялық қолдау, өзіндік «менің » қалыптастыру мүмкіндіктерін арттыру мақсатында сауалнамалар, тренингтер жүргізіліп өз нәтижесін көрсетуде. «Тәуекел топ» балалармен жұмыс жүйелі түрде ұйымдастырылып, адамгершілікке, дұрыс қарым- қатынасты қалыптастыруды бағыттау жұмыстары жүргізілді. Ата - аналармен класс жиналыстарына қатысып көңіл- күйлерін көтеру, ұстаздармен байланысты нығайту мақсатында тренинг жүргізіліп отырады.

Маман ұсынысы:

- Класс арасындағы өзара қарым- қатынасты нығайту;
- Оқшауланған оқушылармен жеке жұмыстар жүргізіп, лидерлік жоғарлату;
- Ата- ана мен оқушыларының арасындағы қарым- қатынасты жан –жақты дамыту;

### Логопедтің 2017 -2021 оқу жылдарымен салыстырғандағы атқарған жұмыстарының есебі.

Мектептің оқу процесінде маңызды болып табылады - сөйлеу тіл кемістіктерін алдын – ала болдырмау жолдарын қарастырып, сонымен бірге осындай кемістіктерді әртүрлі жолдармен түзетіп жоюдың тәсілдерін қолдану, балалардың белсенді және енжар сөздік құрамын молайту. 2017 – 2021 оқу жылдардың аралығында логопед жұмысы келесі бағыттар бойынша жүргізілді:


- 1) ұйымдастырушылық қызмет
- 2) құжаттармен жұмыс
- 3) түзету –дамытушылық іс –әрекет
- 4) бастауыш сынып мұғалімдерімен, басқа мамандармен жұмыстағы қарым – қатынасы
- 5) арнайы білімді насихаттау
- 6) өзін – өзі тәрбиелеу және біліктілігін арттыру
- 7) логопедиялық кабинетті жабдықтау.

2017 – 2021 оқу жылдардың аралығында логопедиялық диагностика бойынша оқушылардың қатарынан ауызша және жазбаша сөйлеуінде бұзушылығы бар – 188 оқушы анықталды. Психологиялық – медициналық – педагогикалық кеңес қорытындысы бойынша логопедиялық жеке сабаққа оқушылары тіркелді.

*1 - кесте. Логопед - мұғалімнің 2017 – 2021 оқу жылдардың аралығында түзету жұмысының нәтижелері*

Барлығы	Жалпы логопункт тізімге тіркелген балалар саны	Сөйлеу тілінің дамуы көрсеткіші өте жақсы деңгейде оқушылар логопедтік пунктынан шығарылды	Сөйлеу тілінің дамуы көрсеткіші жақсы деңгейде оқушылар логопедтік пунктынан шығарылды	Келесі оқу жылына қалдырылған оқушылар саны	Логопунктен және мектептен кеткен оқушылардың саны
188	135	50	29	45	11

79 балаға логопедтен көмек көрсетілді, тіл кемшіліктері түзетілді. 45 бала екінші жылға түзету жұмыстарын жалғастыруға қалды.



Бастауыш сынып мұғалімдерімен, басқа мамандармен жұмыстағы қарым –қатынасы үнемі болды. Мектептің басқа мамандарымен байланыс орнату мақсатында келесі іс – шаралар жүргізілді:

- Бастауыш сынып мұғалімдерін диагностика нәтижелерімен және баланың сөйлеу дамуының ерекшеліктерімен, оның мүмкіндіктерімен, оқу қиындықтарымен таныстыру.

- Бастауыш сынып мұғалімін жазу және орыс тілі бағдарламасы бойынша оқытылатын кейбір тақырыптарды үйлестіру мақсатында түзету жұмыстарының бағыттарымен таныстыру
- Сөйлеу тілі бұзылған балаларға біркелкі сөйлеу талаптарын қалыптастыру мақсатында бастауыш сынып мұғалімдері, психолог жұмыстарының мазмұнымен таныстыру.
- Логопедтардың медициналық жазбаларын зерттеу
- Мұғалімдерге оқу жылындағы балалардың үлгерімі туралы ақпарат беру
- Мектеп жұмыс жоспары бойынша мұғалімдердің педагогикалық кеңесі мен әдістемелік бірлестігінің отырыстарына қатысу, оқушылардың диагностика нәтижелері, логопедиялық сабақтарға жазылу және олардың тиімділігі туралы есеп беру
- Дамуында кемістігі бар балалармен жұмыс жөніндегі директормен кездесуде баяндамамен сөз сөйлеу.

#### Логопедиялық кабинеттің жабдықтары

- 2017 жылы логопедиялық кабинет айналарымен, сабаққа арналған үстелдер мен орындықтармен, әдістемелік әдебиеттерге арналған шкафпен және сөрелермен безендіріліп жабдықталды
- логопедиялық кабинетті сурет және материалымен толықтыру
- жыл сайынғы нұсқаулықтар, үлестірме материалдар шығару
- арнайы әдістемелік әдебиеттерді алу.

#### **8 бөлім.**

Материалдық - оқу орнының мақсаттары мен міндеттеріне мектеп техникалық базасы сәйкес. Мектепте міндетті пәндерді оқу үшін барлық жағдай бар: класс алаңы – 38,1 - 51,3 кв. м. Оқу кабинеті – 34. Олардың ішінде 12 кабинет құжатталған: № 7 өзін - өзі тану кабинеті, №8 химия кабинеті, №9 тарих пәні кабинеті (Әскери даңқ бұрышы жасалды), №10 математика пәні кабинеті, №11 МЛК, №12 орыс тілі мен әдебиеті кабинеті, №32 информатика кабинеті, №37 информатика кабинеті, №35 биология кабинеті, №38 қазақ тілі мен әдебиеті, №43 АӘД кабинеті, №52 бастауыш класс кабинеті.

Мәжіліс залы (149,0 кв. м.) 80 орынға есептелген. 2014 жылы сахнада перделер ауыстырылды, 2019 – 2020 оқу жылында жалюзилер ауыстырылып, орындықтар жаңартылды.

Асхана мектептің бірінші қабатында орналасқан. Құрылымы мыналарды қамтиды: түстік зал (179,8 кв. м.), төрт жерлік орындықтармен жабдықталған, орындықтар мен 80 орындыққа есептелген. Залда қол жууға арналған 3 раковина орналасқан. Ас, тез бұзылатын және құрғақ өнімдерін сақтау жерлері бар. Барлық жабдықтары жұмыс жасайды.

Медициналық қызмет көрсету кабинеті екінші қабатта орналасқан. Құрылымына аралық бөлмелер кіреді. Медициналық кабинеттің көлемі - 14 шаршы метр. Лицензиясы бар. Қол жууға арналған салқын және ыссы су крандармен раковиналар орналасқан.

Оқушылар мен ұжым қауіпсіздігі үшін автоматты өрт дабылы қайта дұрыс орнатылды. Өрт сөндіргіштерге қосымша өрт сөндіру құрал-жабдықтарының 31 данасы сатып алынды. Электр қауіпсіздігі мен өрт сөндіргіш жабдықтары жеткілікті мөлшерде, талапқа сай тексеріліп, жөнделіп, ауыстырылып отырады. 2020 жылының мамыр айында мектептің күрделі жөндеу жұмыстары басталып 2020 жылдың 23 желтоқсанында аяқталды.

Мектепте 32 бейне бақылау камерасы жұмыс жасайды, оның 24- ішкі, 8- сыртқы бейне бақылау жүргізеді.

#### **Оқу-тәрбие үрдісіндегі білім беру бағдарламасын ақпараттандыру.**

Жыл сайын жергілікті бюджеттен бөлінетін қаражатқа мектептің компьютерлер паркi толықтырылып және жаңартылып жатыр. Интернет желісі қосылған. Мұғалімдердің «Күнделік» электронды журналында жұмыс істеуіне барлық жағдай жасалынған.

<b>Компонент</b>	<b>Саны</b>	<b>Қажетті ресурстық жағдай</b>
<b>Компьютерлер саны</b>	118 (2018 - 2020 жж) + 43 ноутбук + 40 планшет = 201	Ақпараттандыру бағдарламаның болуы, оқу үрдісінi қаржылық және кадрлық қамтамасыз етуі. Мұғалімдердің «Күнделік» электронды журналын сапалы толтыруына, ақпараттық жүйесіне кең қосылуына жағдай жасалған, информатика пәнін сапалы оқыту үшін компьютерлер саны жылдан жыл көбеюде. Білім басқаруда: директор, хатшы, директордың орынбасарлары, кітапханашы, психологтар switch

		(хаб) арқылы қосылған
<b>Жергілікті компьютерлік желі</b>	Барлық кабинеттерде Бухгалтерия - 45 кабинет. 2 точка	Барлық кабинеттерде жергілікті желі - оптика - волос.
<b>Интернет</b>	Оптоволокно (VPN – канал арқылы қосылуы, TOO DALL связь. )	Интернетке барлық пайдаланушылар қосылған. Жылдамдығы 100 м/ бит.
<b>Бағдарламалық қамтамасыз ету</b>	Windows XP, Windows 7, Pascal ABC, Scratch, Офис WPS 2019, VideoPad, антивирус Eset Nod 32 бағдарламалар.	Сабақтарда бағдарламалық өнімдерді белсенді пайдалану үшін техникалық қамтамасыз етілген. Пайдаланушылардың компьютерлерінде қазіргі заманғы электронды жиынтықтар және лицензиялық білім беру ресурстары бар.
<b>Мультимедиялық жүйелер</b>	№ 11 кабинеті МЛК 16 ноутбук + 1 сервер	Интернетке мұғалімнің компьютері және 16 ноутбуктар жергілікті желісіне Wi-Fi арқылы қосылған
Интерактивті тақта	12	Паспортталған және басқа да оқу кабинеттерінде бар.

2018 – 2020 оқу жылдарында мектеп мұғалімдерінің жұмыс орны компьютерлермен қамтамасыз етілді. Мұғалімдердің «Күнделік» жүйесінде кедергісіз жұмыс жасау мақсатында 2020-2021 оқу жылында бұл жұмыс жалғасын тапты.

**Ұсыныс:** Мектептің материалдық - техникалық базасын толықтырып отыруын ұйымдастыру жұмыстары жалғастырылсын (мүмкіндігінше қаржыға байланысты).

Кітапхана компьютер, принтермен жабдықталған. Білім беру процесі үшін кітаптар жиынтығы бар. Мүмкіндігінше, оқушыларға толық оқу материалдарын қамтамасыз ету үшін қосымша кітаптар толықтырылған. Білім беру бағдарламасына сәйкес кіріс әдебиеттері бар. Сөздіктер, энциклопедиялар, анықтамалық материалдар оқушылар үшін көрнекті және қол жетімді жерде орналасқан.

2017 - 2018 оқу жылында № 14 орта мектеп кітапханасына 9025 дана мектеп оқулықтары келип түсті, барлық кітапхана қоры 60710 дана, оның ішінде 44268 дана мектеп оқулықтарын құрайды.

2018 - 2019 оқу жылында кітапхана қоры 55436 дана, оның ішінде мектеп оқулықтары 41994 дана.

2019-2020 оқу жылында кітапхана қоры 61803, оның ішінде мектеп оқулықтары 48361 дана.

2020 - 2021 оқу жылында мектеп кітапханасының қоры 59399, мектеп оқулықтары 48957 дана мектеп оқулықтары.

Кітапхана мектептің оқу – тәрбие жұмысына, оқушылардың оқу іс-әрекетін қолдауға белсенді қатысады, әртүрлі ақпаратты тиімді іздеу, өңдеу және пайдалану қабілеттері мен дағдыларын жетілдіруге көмектеседі. Мектеп өткізетін қалалық және облыстық семинарларға қатысады.

Оқушыларға қорытынды аттестаттауға дайындалу үшін оқу әдебиеттерін, қосымша әдебиеттерді беру түрінде көмек көрсетеді.

Кітапханада мектеп оқушылары мен мұғалімдерінің оқырман формуляры жүргізіледі. Мектеп оқушылары үнемі көркем әдебиетті пайдаланады.

Мектеп миссиясы - мектеп дамуының мүмкіндіктерін жалғастыру, бейімдеу. Еліміздің тағдырына азаматтық жауапкершілікпен қарау, оқушылардың өзіндік ойлауы және дүниетанымдық көзқарасын қалыптастыру, оқытудың барлық саласын сапалы жағдаймен қамтамасыз ету, өз көзқарасын нақты айтып дәлелдейтін, адамдарға деген сыйластығы мол, мейірімді, сыпайы, тәртіпті адами тұлғаны қалыптастыру.

Біздің ойымызша, мектептің бейімделуі – бұл аралас оқитын мектеп, дарынды, қарапайым, түзетуге мұқтаж балаларды оқытуға жағдай жасайтын мектеп. Бұл мақсатқа жету үшін жеке тұлғаға бағытталған педагогикалық технологияларды қолдануды санаймыз. Мектепте жеке тұлғаға бағытталған педагогикалық технологияларды дұрыс пайдалануын ұйымдастыру үшін мектеп мәселесі бойынша жұмыс жүргізілді:

2020 жылдың тамыздағы педагогикалық кеңесінде 2020-2021 оқу жылында мектеп ұжымы мектептің 2017-2020 оқу жылдарында «Жаңартылған білім мазмұнын енгізе отырып,

тепе-тендік пен білім беруде қолжетімділік мәселелерін шешу үшін жағдай жасау, жұмысты жүзеге асыру барысында білім және тәрбие беру сапасында жетістікке жету үрдісін басқару» мәселесі бойынша жүргізілген жұмыстарды жан – жақты сұрыптай келе, мектеп алдағы үш жылдыққа «Тұлғаның, қоғамның, мемлекеттің өзекті және перспективалық қажеттіліктеріне сәйкес келу негізінде білім берудің жаңа сапасына қол жеткізу үшін тиімді білім беру кеңестігін құру» мәселесі бойынша жұмыстануды бастады. Осы мәселе бойынша мектеп үш жыл жұмыстанады.

2020-2021 оқу жылындағы жұмыс нәтижесінде келесі қорытындыларға тоқталып кетуге болады:

### SWOT сұрыптама

<p style="text-align: center;"><b>Жақсы жақтары:</b></p> <p>1. Мектептің оқу - тәрбие жұмысы жүйелі түрде іске асырылады, бұл мұғалімдердің білім беруде жаңашыл әдіс - тәсілдерді қолдану арқылы жүргізген жұмыстарының нәтижесінде сабақ сапасының жоғарылауынан анықталды.</p> <p>2. Мектеп оқушыларының білім сапасы 52 % құрады, бұл тұрақты нәтиже.</p> <p>2. Бірнеше жылдар бойы кадрлар құрамы тұрақты. Ұжымның орташа жасы - 43 жас. Барлық педагогтардың базалық білімі бар. Мұғалімдердің 85 % жоғары білімді. Ұжымның сапалық құрамы - 53 % . Ұжымның 16,5 % еңбек өтілі 0–8 жыл аралығында, ал 40 % тәжірибелі мұғалімдерден тұрады. Педагогтар біліктілік арттыру курстарынан, аттестаттаудан уақытында өтеді.</p> <p>3. Дарынды оқушылармен жұмыс жүргізіліп, нәтиже көрсетіліп келеді.</p> <p>4. Орта білім мазмұнын жаңартуға бағытталған жұмыстар жүйелі түрде өткізіледі, барлық пәндер бойынша 75 мұғалім орта білім мазмұнын жаңарту бойынша білім жетілдіру курстарынан өтті, 6 мұғалім жаз мезгіліне жоспарланып отыр;</p> <p>5. Мектеп мұғалімдерінің сабақта ақпараттық технологияларды қолдану деңгейінің өсуі, тәжірибелерімен бөлісуі – Ақтөбе облысының білім басқармасының ютуб каналында 56 видеосабак жариялануы, жеке видеоканалы бардығы.</p> <p>5. Мектептің тәрбие жұмыстары тәрбие жұмыстарының «Рухани жаңғыру» бағдарламасының шеңберінде жүргізіліп, нәтиже көрсетілуде.</p> <p>6. Мектептің материалдық - техникалық базасын жаңарту жұмыстары жүргізіледі, компьютер саны көбеюде, мұғалімдердің интернет желісінде еркін жұмыс істеулеріне мүмкіндіктері бар.</p> <p>7. Мектеп мұғалімдерінің шығармашылық қабілеттерінің дамуы.</p>	<p style="text-align: center;"><b>Әлсіз жақтары:</b></p> <p>1. Мектеп оқушыларының білім сапасын әрі қарай жоғарылату мақсатында педагогтардың сабақтағы жұмыстарын әлі де түрлендіріп жандандыру қажеттілігі;</p> <p>2. Мұғалімдердің эксперименттік жұмысқа қатысу белсенділігін арттыруын талап етуі;</p> <p>3. Барлық мұғалімдерге дарынды оқушыларды дайындау барысында сабақтарына зор назар аудара отырып, оқушылардың нәтижесін бақылап, оларды әр - түрлі сайыстарға, ғылыми жобаларды қорғауға жетелеп отыруға және нәтижеге жетуге талап етуі;</p> <p>4. Кейбір жас мұғалімдердің сабақ беру әдістемесінің деңгейі жақсартуды талап ететіндігі;</p> <p>5. Кейбір мұғалімдердің өз сабақтарында оқытудың заманауи әдістерін қолданбауы;</p> <p>6. Кафедра жұмысының мектептен тыс мекемелермен, ЖОО – мен байланыс деңгейінің төмен болуы.</p> <p>7. Мектептің материалдық – техникалық базасын толықтырып отыру жұмыстарын әрі қарай ұйымдастыруды қажет етеді.</p>
<p style="text-align: center;"><b>Мүмкіндіктері:</b></p> <p>1. Мектептің даму жоспарының орындалуы;</p> <p>2. Мектеп оқушыларының білім сапасының 52 % әрі қарай жоғарылауы. Өз бетінше іздену арқылы оқушының жеке тұлға болып қалыптасуы;</p> <p>3. Өз білімін жетілдіру арқылы мұғалімдердің шығармашылығының өсуі. Жас мұғалімдерге бекітілген тәлімгерлердің жұмысын жақсарту, жандандыру және бірізділікті сақтау арқылы жас мамандардың сабақтарының әдістемелік деңгейін көтеру;</p> <p>4. «KFA», «Дарын», «Зерде», пәндік олимпиада және</p>	<p style="text-align: center;"><b>Қауіп:</b></p> <p>1. Егер мектеп ұжымы оқу сапасын 52 % әрі қарай жоғарылауға бағытталған жұмыс түрлерін жүргізбесе, бәсекеге қабілетті тұлғаның қалыптасуына қиындық туады, мектептің оқу-тәрбие деңгейі нәтижелі болмайды және оқушылардың білім сапасы төмендейді.</p> <p>2. Егер мұғалімдер оқытудың заманауи әдістерін қолданбаса, оқыту сапасы төмендейді.</p> <p>3. Егер кафедралардың жұмысы мектептен тыс мекемелермен тығыз байланыста болып, мектеп мұғалімдерінің жұмыстары жаңартылмаса онда</p>

<p>ғылыми конференцияларға, түрлі сайыс, интеллектуалды ойын, пәндік олимпиадаларға қатыстыру және мониторинг өткізуге жағдай туғызу.</p> <p>5. Мектеп мұғалімдерінің ҚР БжҒМ 2021 жылдың 25 мамырдағы №232 бұйрығымен бекітілген Республикалық, Халықаралық олимпиадалар және ғылыми жобалар байқауларының жалпы білім беретін пәндер бойынша, кәсіптік шеберлік байқауларына және спорттық жарыстарға қатысуы;</p> <p>6. Мектептің материалдық базасын күшейту арқылы орта білім мазмұнын жаңартуға жағдай жасау, бұл мұғалімдердің интернет желісінде әртүрлі электрондық платформаларда жұмыс жасауға мүмкіндік береді және жұмыс тәжірибесімен бөлісуге жағдай туғызады.</p>	<p>оқу үрдісі замануи талаптарға сай болмайды.</p> <p>4. Егер дарынды оқушылармен жұмыс түрлері жандандырылмаса олардың пәндерді оқуға қызығушылықтары төмендейді.</p> <p>5. Егер мектептің материалдық базасы әрі қарай жаңартылмаса оқушыларға білім беру жұмыстары жүзеге асыруы және «Білім ал» ақпараттық жүйесін, «Күнделік» электронды журналын мектеп оқу үрдісіне еңгізілуі қиындықтар туғызады.</p>
---	---

2017-2021 оқу жылдарындағы мектептің жұмысын талдай отырып, жаңа оқу жылға келесі мақсат пен міндеттер қойылып отыр.

1. Педагогикалық ұжымның орта білім мазмұнын жаңартуға, оқушылардың функционалды сапаттылығын дамытуы мен білім сапасын жақсартуға бағытталған жұмыстарды жалғастыру. Мұғалімдердің сабақта заманауи әдістерін қолдану сапаттылығы бойынша құзіреттіліктерін дамытуға жағдай туғызу.

2. 2020 - 2023 оқу жылдарына арналған «Тұлғаның, қоғамның, мемлекеттің өзекті және перспективалық қажеттіліктеріне сәйкес келу негізінде білім берудің жаңа сапасына қол жеткізу үшін тиімді білім беру кеңестігін құру» проблемасы бойынша жұмысты жалғастырылсын. Мектептің оқу - тәрбие жұмысы жүйелі түрде іске асырылып, оқу үрдісі барысында ұжымның жұмысына, оқушылардың сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау және мониторинг жүргізу.

3. Оқушылардың оқу жетістіктерін бақылау бойынша сапалы дайындық жұмысын жалғастыру. «КҒА», «Дарын», «Зерде», пәндік олимпиада және ғылыми конференцияларға, түрлі сайыс, интеллектуалды ойын, пәндік олимпиадаларға оқушылардың тиімді қатысуын ұйымдастыру және мониторинг өткізуге жағдай туғызу.

4. Мектеп мұғалімдерінің ҚР БжҒМ 2021 жылдың 25 мамырдағы №232 бұйрығымен бекітілген Республикалық, Халықаралық олимпиадалар және ғылыми жобалар байқауларының жалпы білім беретін пәндер бойынша, кәсіптік шеберлік байқауларына және спорттық жарыстарға қатысуы;

5. Тәрбие беру үрдісіндегі педагогикалық тәжірибеге қазіргі заманғы жетістіктерді белсенді еңгізу. Класс жетекшілердің, оқушылардың жұмыстарына мониторинг жүргізу.

6. Мектептің материалдық базасын күшейту арқылы орта білім мазмұнын жаңартуға жағдай жасау.

### **Қорытындылар мен ұсыныстар**

Жүргізілген өзін - өзі талдау мынадай тұжырымдар жасайды:

1. Педагогикалық ұжым, әкімшілік-басқару персоналы және № 14 ОМ қызметкерлері "Білім туралы" Заңның, ҚР МЖМБС-ның орындалуын және жұртшылықтың барлық талаптарын қамтамасыз етеді.

2. Педагогикалық ұжымның жұмысы қанағаттанарлық, мемлекеттік білім беру стандартының талаптарына сәйкес деп саналсын:

- жалпы білім беру бағдарламаларының мазмұны және орындалу толықтығы бойынша;
- түлектердің дайындық деңгейі мен сапасы бойынша;
- білікті педагогикалық кадрлармен қамтамасыз ету бойынша;
- әдістемелік және тәрбие жұмысы бойынша.

3. Мектепшілік бақылау тиісті деңгейде жүргізіледі

4. Мектептің материалдық-техникалық базасының жай-күйі қанағаттанарлық, мектепте білім беру процесін жүзеге асыру шарттары мынадай бөліктегі мемлекеттік талаптарға сәйкес келеді:

- санитарлық және гигиеналық нормалар;
- оқу үй-жайларының жабдықтары;
- балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау;
- оқу процесінің жабдыкталуы.



## Ұсыныстар

### Мектеп директорына:

1. Мүмкіндігінше кадрларға қажеттілікті жабу.

### Мектеп әкімшілігі:

1. Мұғалімдерді ғылыми-зерттеу және эксперименттік қызметке тарту жөніндегі қызметті жандандыру; әртүрлі деңгейдегі жұмыс тәжірибесін жинақтауға және таратуға қатысу.

2. Қала мектептері арасындағы жалпы рейтингтегі позицияларды арттыру бойынша жұмысты жалғастыру

**Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары:** Абитаева Р. Р., Дуржанова А. А., Абдикалыкова Э.Б., Сейдуллина С.Ж.

1. Білім беру сапасын арттыруды бақылау мақсатында оқу үдерісінде мұғалімдердің білім беру қызметіне тұрақты талдау жүргізу.

2. Мектептің оқу процесіне оқытудың, оның ішінде АКТ-ның жаңа тәсілдері мен әдістерін енгізуге бақылауды күшейту.

3. Мұғалімдердің әдістемелік белсенділігіне мониторинг жүргізу.

4. Мектеп мұғалімдерінің сабақты дайындау және өткізу сапасын бақылауды күшейту, деңгейлік мұғалімдердің қызметін бақылауды жүргізу;

5. Үлгерімі нашар оқушылармен жұмысты тұрақты бақылауға алу.

6. "Дарын" республикалық ғылыми - практикалық орталығының желісі бойынша зерттеу жұмыстары, балалардың дарындылығын дамыту үшін білім беру ортасының әлеуетін күшейту.

**Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:** . Ахмет Б.Ә

1. Өзін-өзі тәрбиелеу және өз тәжірибесін тарату, сынып жетекшілерінің кәсіби конкурстарға қатысуы бойынша сынып жетекшілерінің жұмысын жандандыру.

2. Сынып жетекшілері мен сынып ұжымдарының белсенділік рейтингін жүргізу.

**Кафедра меңгерушілері:** (Каирлапова К.Б., Кубенова К. К., Сейдуллина С.Ж., Кожекенов Б.К.)

1. Оқушылардың танымдық әрекетін ынталандыру мақсатында сабақ жоспарын құруда, оқу үрдісіне интерактивті әдістемені енгізу мен оқытуда, оқушылардың үлгерімін бақылау мен талдау үшін заманауи бағалау жүйесін енгізуде және сабақта кері байланысты жүзеге асыруда мұғалімдерге жүйелі түрде әдістемелік көмек көрсету.

### Мұғалімдерге:

1. Жас мұғалімдерге сабақ жоспарларын мұқият дайындау, сабақтың мақсаттарына жету үшін қолданылатын формаларды, әдістер түрлендіріп қолдану.

2. Пәндердің тәрбиелік әлеуетін кеңінен пайдалану, пәндер бойынша сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру.

3. Оқытудың интерактивті әдістері мен оқу процесінде қалыптастырушы бағалау жүйесін жүйелі қолдану.

**Психологтарға:** Абдрахманова Г. Б., Құрманбаева, А. С.

1. Оқушылардың психологиялық тепе-теңдігін одан әрі бақылау үшін ата-аналармен жұмысты күшейту.

2. Девиантты мінез-құлықты оқушылармен жұмысты жалғастыру

**Кітапхана меңгерушісі:** Акжигитова К. М.

1. Электронды каталогты құру бойынша жұмысты жалғастыру.

**Директордың ШЖ жөніндегі орынбасары:** Кузенбаева А.Б.

Мектептің материалдық базасын күшейту жұмыстары жалғастырылсын. Мектепте жаңа модификациядағы физика, география кабинеттерінің, ұлдарға арналған шеберханасын қажетті құралдармен жабдықталуын қарастыру.

“Хиуаз Доспанова атындағы №14 орта мектеп” КММ директорының ма

Директордың ОТЖ жөніндегі орынбасары

Директордың ОТЖ жөніндегі орынбасары

Директордың ОТЖ жөніндегі орынбасары

Директордың ТЖ жөніндегі орынбасары

Директордың ШЖ жөніндегі орынбасары

Психолог

Психолог

Логопед

Кітапханашы



Абдикалыкова Э.Б.

Абитаева Р.Р.

Дуржанова А.А.

Абдикалыкова Э.Б.

Сейдуллина С.Ж.

Ахмет Б.Ә.

Кузенбаева А.Б.

Құрманбаева А.С.

Абдрахманова Г.Б.

Мирзағалиева Ш.Т.

Акжигитова К.М.